



ӘОЖ 37.013:001.76

**Узахова А.С.,  
Дүйсенбаев К.Ә.**

**СТУДЕНТТЕРДІҢ  
БЕЛГІЛІ КӘСІПТІК  
САЛАҒА БАҒЫТТАЛҒАН  
БІЛІМ, ІСКЕРЛІК ЖӘНЕ  
ДАҒДЫСЫН  
ДАМУДАҒЫ  
ПӘНАРАЛЫҚ  
НАҚТЫЛЫҚ ӘРЕКЕТ  
ҰСТАНЫМЫ**

*В статье рассматривается  
значение межпредметных  
связей при профессиональной  
подготовке студентов.*

*The exact position of subject link  
promoting the development of directed  
educational, skills for business and  
professional activity of students is  
considered in this article.*

Студенттердің белгілі кәсіптік салаға бағытталған білім, іскерлік және дағдысын дамытуды қамтамасыз етуге циклішілік (жалпы білім беру, базалық, кәсіптендіру) пәндердің нақтылық әрекет байланыстары негізгі рөл атқаратындығын мақұлдаймыз.

Пәнаралық нақтылық әрекет ұстанымы студенттердің белгілі кәсіптік салаға бағытталған білім, іскерлік және дағдысын дамытуда олардың білім сапасының оқшаулану қаупін тудырмайды. Сондықтан білім беру мазмұны құрамындағы пәнаралық нақтылық әрекет ұстанымы білім беру мазмұнын инновациялық технологиялар арқылы дамытудың міндетті элементі бола алады.

050120 - *Кәсіптік оқыту* мамандығында білім алушыларда іс-әрекет тапсырмалары теориялық мәліметтерге қарағанда басымырақ келеді. Іс-әрекет арқылы студенттер әзірленетін бұйымның теориялық және практикалық мәнін терең түсіне алады. Іс-әрекеттің өзі жұмысты нақты және саналы түрде орындауға себепші болады. Мысалы, кәсіпкерлік және таңдау бағытындағы компоненттеріндегі оқу пәндерінің негізгі бағыты тарихи мәлімет, стиль, форма, композиция, тігіп өңдеу, материал тану, конструкциялау және модельдеу, жобалау, макеттеу секілді теориялық ұғымдарды, практика жүзінде іскерлік пен дағды арқылы саналылықпен игеруін көрсетеді.

Саналылық нақтылықты талап етеді. Нақтылық іс-әрекет арқылы жүзеге асады және қандай да бір ұстанымға сүйенеді. Нақтылық пен ұстанымдар оқу пәндерінің өзара байланыстары арқылы жүріп жатады.

Пәнаралық нақтылық әрекет ұстанымын оқу материалы мазмұнына сәйкес, студенттердің белгілі кәсіптік салаға бағытталған білім, іскерлік және дағдысын дамытуға қолайлы етіп бөлуге де болады: біріншісі – пәндердің оқу бағдарламаларын түзуде жүзеге асырылатын оқу материалдарындағы ұғымдарды, заңдарды, тіркеуді жүйелі зерделеуді қарастырады; екіншісі - оқу пәндерін



зерделеуде студенттердің білімдерін кеңейту мен арттыруға бағытталады.

Абай 32-ші қара сөзінде: «Білім-ғылым үйренбөкке талап қылушыларға әуел бастан керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде, бірі - мұлахаза (ойлау, пікір алысу), 2-ші – мұлафаза (сақтану, қорқу)», - деді [1].

Пәнаралық нақтылық әрекет ұстанымына негізделген сұрақтар әр пәннен алған білімдерін қайта естеріне түсіріп, жаңа оқу материалын меңгеруге, оларды жүзеге асыруға жағдай туғызатын мазмұнда болуы керек. Ең бастысы қазіргі уақытта әрбір ұстаз нақты деректерді, нақтылы оқиғаларды түсіндіріп қана қоюмен шектелмеуі керек. Ол деректердің өзара байланысын, бір-біріне әсерін, басты әлеуметтік, экономикалық немесе ортақ заңдылықтарын ашуды көздеуі тиіс. Әр түрлі пәндер арасындағы байланыстарды және ақиқат шындықты бейнелеудің әр түрлі тәсілдері пайда болатын субъекті-объектілік қатынасы, яғни студенттер мен оқытушылардың қатынасы танымдық әрекеттің негізі болады деп есептейміз. Танымдық әрекеттің мазмұны қоғамдық және жеке таным әрекеттері тәсілдерінде негізделеді де, барынша қорытылған сипат алады. Мұндай субъектілік әрекетті оқу жоспарының әр түрлі пәндерінен алынатын білімдерді интеграциялаушы ретінде қорытылған тәсілдер деп жазуға болады. Пәнаралық интеграцияланған әрекеттің ерекшелігіне байланысты құрылым анықтауға болады.

Пәнаралық ұстанымы оқытушыларға мәселені сауатты түрде шешуге мүмкіндік тудыратын процесті бүтіндей ойлауға алып келеді. Проблеманы шешу тәсілінің ең тиімдісі – білімдерді біріктірі. Сондықтан да бізге белгілі проблемалық оқыту білімдерді *интеграциялау әдісі* ретінде қызмет атқарады.

*Пәнаралық нақтылық әрекет ұстанымын* жүзеге асыру үшін кәсіптік оқыту мамандарының оқу жоспары негізінде әзірленетін типтік оқу бағдарламаларына талдау жасау керек. Оқу бағдарламасында міндетті түрде пәнаралық әрекеттер көрініс табуы қажет. Себебі, әрбір оқытылатын пәндерде білім алушының алатын білімі, іскерлігі мен дағдысы ескеріледі. Ол білім беру мазмұнының төрт құраушылары негізінде жүзеге асады. Әрбір оқытылатын пәндер мен тақырыптар мазмұнында төрт құраушылар басшылыққа алынуы қажет. Мұнда, оқытылатын пәндердің мазмұны міндетті түрде ескеріледі.

Кей жағдайларда тақырыптар аса маңызды орын алмағандықтан көмекші сипатқа ие болады да, таныстыру мақсатымен шектеледі. Ал, әдістемелік жағдайда, екіден кем емес, төрттен аспайтын мақсаттар қойылады. Әрбір сабақты ұйымдастыруда білімділік мақсаты, білім алушылардың жеке қасиеттеріне тән саналы түрдегі тәрбиелік мақсаты, іскерлігі мен тәжірибелік-шығармашылық әрекеттерін қалыптастыру немесе дамытушылық мақсаттары айқын көрініс табуы қажет. Осы шығармашылық әрекеттерді біздер таным әрекеттерімен өзара байланыста қарастырамыз. Білім алушылардың танымдық әрекеттерін білім берушінің сабақтың тақырыбына байланысты тірек ұғымдар мен проблемалық ситуациялар арқылы өзі тудыра алады.

Пәнаралық нақтылық байланысы студенттердің білім алуын әрі қарай жалғастыруға, өз бетінше еңбек әрекетіне дайындалуына қажетті іскерлік пен дағдыны игеру болып табылады.

*Білімді, іскерлікті, дағдыны игеру* барысында студенттердің ақыл-ойы мен өзіндік қасиеттері дамиды, қоршаған ортаға көзқарастары жанарады, сенімдері қалыптасады. Себебі, нақтылықтың өзі оқыту үрдісінде білімнің көмескіден нақтыға көшуі, яғни практикалық тапсырмалар мен жаттығулар арқылы шешіледі.

Практикалық тапсырмалар *050120 - Кәсіптік оқыту* мамандықтарында оқытылатын оқу пәндерінде маңызды рөл атқарады. Осы тапсырмалар негізінде студенттерде білімді қабылдау, ұғыну, бекіту, іс жүзінде қолдану кезеңдері нақтылана түседі. Сол себепті де нақтылықты - қабылдау, абстрактіні – ұғыну, практиканы - бекіту және іс жүзінде қолдану – деп санауға болады. Білім, іскерлік, дағдының анықтамаларын Н.Д. Иванова, М.К. Қозғамбаева былайша береді [2]:



*білім* - саналы түрде қабылданған, жүйеге келтірілген, айналадағы заңдылықтар, заңдар, құбылыстар, фактілер және пәндер туралы ұғым;


*іскерлік* – студенттердің белгілі жағдайда, іс-әрекеттерін мақсатқа сәйкес тәсілдерін пайдалана отырып, еңбек әрекеттерін саналы түрде және нақты орындауға дайындығы;

*дағды* – жаттығу барысында бірнеше рет қайталанған, студентте қалыптасқан іс - әрекеттерді барынша дәлдікпен, жылдамдықпен, мақсатқа сәйкес орындауға қабілетті, іскерліктің автоматтандырылған компоненті.

Қабылдау, ұғыну, бекіту, іс жүзінде қолдану, меңгеру кезеңдері психологиялық түсініктерде болатындықтан да, біз білімді, іскерлікті, дағдыны оқыту үрдісінде меңгеру кезеңдерін: психологиялық міндеттер, таным әрекеттерін ұйымдастыру әдістері, психологиялық үрдістер және инновациялық технологиялар арқылы қарастырамыз. Ұғыну «игерілетін құбылыстар арасындағы байланыстарды салыстыру, талдау жасау, жан-жақты себеп-салдарлы тәуелділіктерді ашу процестерінің терен түрде өтуімен сипатталады. Мұндай кезеңде игеріліп жатқан материалға белгілі бір қатынас туындайды, сенім пайда болады, белгілі бір қорытындылардың әділдігін дәлелдей алу қабілеті күшейеді, жаңалықтар ашылады т.б. Нәтижесінде оқушы материалды терен түсініп, оны сенімді түрде игереді».

Ю.К. Бабанский «түсіну дұрыс, тиімді түрде өту үшін оқушыларда жалпы оқу біліктілігі мен дағдыларын, ой әрекетінің алуан түрлі тәсілдерін қалыптастыру, оларды негізгі ақыл-ой операцияларын: анализ, синтез, салыстыру т.б. іске асыруға ұмтылдыру мәліметтерді салыстыруға, олардың себебін анықтауға өздері ат салысып, өз бетінше алдын-ала қорытынды жасауға дағдыландырып отыруды осылайша ұйымдастыру өте маңызды процесс болып табылады», - дейді [3].

Міндеттерді шешу – 050120 – Кәсіптік оқыту мамандығында құрастыру, көркемдеп, сәндеу, жобалау, эскиз жасау, сызба тұрғызу т.б. арқылы жүзеге асады. Білім беру мазмұнындағы білім, іскерлік пен дағдыны М.Н. Скаткин, И.Я. Лернер ұсынған тізбек негізінде былайша қарастыруға болады [4]. (Сурет 1).



Сурет 1 - Білім беру мазмұнындағы білім, іскерлік пен дағдының өзара байланысы.

Тізбекте білім беру мазмұнының үш құраушысын меңгеру (а, α, d) барысы берілген. Біздің негізгі мақсатымыз осы тізбектердің арасындағы байланыстар жөнінде болмақ.



Екінші элементті меңгеру барысында, әрекет тәсілдерінің қайта өңделуі жолымен, міндетті түрде, өзіне әрекет тәсілдері мен объектілері жөніндегі білімді пайдалану қажеттілігі байқалады, яғни,  $\alpha$  өзінің соңынан  $\beta$ -ны ілестіреді.

Әрекет тәсілдерін жүзеге асыру үрдісінде білім жүзеге асырудың құралы ретінде алға шығады да, өзінің қолайлылығын жүзеге асқан әрекет тәсілдерінде пайдалануды танытады. Осы тұста іскерлік пен дағдыны жүзеге асыру тәжірибесін меңгеру, жүзеге асыру үрдісіне қатысты білімді бекіту секілді болады. Мұндай жағдайда екінші және бірінші құраушылар арасында байланыс жүзеге асады (сұлбада көрсетілген). Осындай қадамдар барысында екінші құраушыны меңгеру, екінші білім деңгейін ( $\beta$ ) меңгеруді қамтамасыз ете алады.

Байланыстың басқа түрі екінші және үшінші құраушылардың әрекетін меңгеру үрдісі арасында байқалады.

Шығармашылық әрекет тәжірибесін меңгеруді жүзеге асыруда ( $d$ ) меңгерілген әрекет тәсілдері пайдаланылады, олар жаңа ситуацияларда пайдаланылған шығармашылық ізденісті талап етеді. Осы жағдайда іскерлік пен дағдыны меңгерудің ( $\beta$ ) жаңа деңгейі жеткілікті болады. Соған қарамастан, шығармашылық әрекет әрекеттің жаңа тәсілдерін құруды болжаса, онда үшінші құраушыны меңгеру өніміне әрекеттің жаңадан пайда болған тәсілдерінің бірқатар бөлігі де кіреді. Соңғы өзара байланыс бағдары схемада екінші және үшінші құраушылардың аралығында берілген. Сонымен, екінші құраушы үшінші құраушыны меңгеру барысындағы құрал және меңгеру өнімі ретінде алдыңғы қатарда болады.

Осы тұста бірінші және үшінші құраушылар арасындағы өзара байланыстар табиғи екені байқалады.

Үшінші құраушыны меңгеру барысында шығармашылық әрекет құралдары болып тек екінші құраушы есептелмейді, онымен қатар пайда болған мәселелерді шешуші әрекет тәсілдері туралы білімнің де әсері болады. Мұнда бірінші құраушыны меңгерудің жаңа деңгейі ( $\nu$ ) жеткілікті болады.

Жаңа деңгейі басқа шығармашылық мәселелерді шешу, жаңадан пайда болған білімді немесе әрекет тәсілдерін анықтайтын болса, онда үшінші құраушыны меңгеру барысында бірінші құраушының жаңаша бөлігінің меңгерілуі заңды да. Басқаша айтқанда, бірінші құраушы үшінші құраушыны меңгеру өнімі және құралы ретінде танылады.

Сонымен, бірінші және үшінші құраушылар арасындағы өзара байланыстар шешімі табылғаннан кейін, екінші құраушыны меңгеру деңгейі ( $\beta$ ) мен бірінші құраушыны меңгеру деңгейі ( $\nu$ ) арасында жаңаша байланыс байқалады. Пайда болған байланыс негізінде, әрекет тәсілдерінде шығармашылықты қолдану барысында шешілетін мәселелерге, яғни олардың шығармашылық түрде пайдаланылуына сәйкес меңгерілген білімді қайта орнықтыру үрдісі жүреді. Бұл тізбекте үшінші құраушыны меңгеру өнімінің  $d$  тәсілі болып, оның өзінен басқа (шығармашылық әрекет тәжірибесі) бірінші және екінші құраушылардың бір бөлігін, яғни білім мен әрекет тәсілдерінің тәжірибесін меңгеру қажеттілігін байқауға болады.

Екінші құраушыны меңгеру өнімінің  $\alpha$  тәсілін құраушының өзі атқарады, мұнда одан басқа белгілі жағдайда (үзік бағдар) бірінші құраушының бөлігін меңгеру және бекіту, есте сақтау қажет. Аталған байланыстар үшінші, екінші және бірінші құраушылар аралығында көрсетілген. Одан басқа, меңгерудің  $\alpha$  тәсілі, білімді бірінші құраушы ( $\beta$ ) арқылы алуды ұсынады. Бұл жағдайда бірінші құраушыны меңгерудің нағыз жоғары деңгейі пайда болады.

Әрі қарай меңгерудің  $d$  тәсілі білім мен әрекет тәсілдерін жаңа ситуацияларда  $\beta$  пайдалануды ұсынады. Осы тұста екінші және бірінші құраушыларды меңгерудің өте жоғары деңгейі пайда болады.

Білім беру мазмұнының төртінші эмоционалды қатынастар тәжірибесі құраушысын меңгеруде, меңгерілген білімге, әрекет тәсілдеріне, шығармашылық тәжірибеге



жаңаша, яғни жеке құндылық деңгей қосымшаланады. Бұл деңгей білім беру мазмұнының барлық деңгейлерімен қатарласып жүреді.

Білім алуға, іскерлікке және шығармашылыққа оқытудың тұтас үрдісінің түпнұсқасы, бұлардың өздерінің қорытындысында жеке тұлғаның барлық меңгергендерін құнды түрде қабылдауынан байқалады.

Оқыту үрдісін білім беру мазмұнының барлық түрін және олардың әрқайсысын меңгеру деңгейін қамтыған жағдайда ғана аяқталған деп санауға болады. Ал, берілген ақпаратты түсініп, есте сақтап, үлгі бойынша жаңа ситуацияларда қолданылса, ол толық меңгерілген болып есептеледі.

Осы ереженің сақталуы екінші және үшінші құраушыларды меңгеру деңгейіне жеткізеді немесе білімді, әрекет тәсілдерінен тыс таныс ситуацияларда қолдану, білімді шығармашылық ізденістен тыс жаңа ситуацияларда қолдану мүмкіндіктерінің болмауына әкеп соғады.

Білімді үлгі бойынша қолдануда іскерлік пен дағды мазмұны, ал шығармашылық - шығармашылық әрекет мазмұны меңгеріледі. Осындай қосымша мазмұндар арқасында, бірінші деңгейдегі меңгерілген білім, екінші деңгейде нақты әрі оперативті қалыптаса бастаса, үшінші деңгейде майысқак (иілгіш) келеді.

Тереңдете меңгерілген білім, өзге мазмұндар мен олардан туындағандарды меңгерудің нәтижесі болып саналады. Кері жағдайларда білімді меңгеру дайын ақпараттарды қабылдау нәтижесі болып бірінші деңгейде қалып қояды.

#### Әдебиеттер

1. Абай. Қара сөз, поэмалары. – Алматы: «Ел» баспасы. 1993.
2. Иванова Н.Д., Қозғамбаева М.Қ. Оқыту үрдісінің мәні. Әдістемелік және теориялық негіздері. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚМПУ. 1991.
3. Бабанский Ю.К. Педагогика. /учеб. пособие для студентов пед. ин-тов. - М.: Просвещение, 1983.
4. Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований. - М.: Педагогика, 1986.